

***«Сіздің балаңыз мектепке дайынба?»
(ата –аналарға арналған сауалнама).***

Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?

Жауап нұсқалары: иә, жоқ, кейде

1. Балаңыз 10-ға дейін санай ала ма?
2. Қарапайым логикалық тапсырмаларды орындай ала ма?
(мыс: артық затты табу, салыстыру).
3. Түрлі түстер мен пішіндерді ажырата ала ма?
4. Өз аты –жөнін, жасын, ата-анасының аты –жөнін айта ала ма?
5. Балаңыз өз ойын еркін жеткізе ала ма?
6. Сұрақтарға толық жауап бере ала ма?
7. Ертегі немесе оқиғаны баяндап бере ала ма?
8. Құрдастарымен тіл табыса ала ма?
9. Өз заттарына жауапкершілікпен қарай ма?
(мыс: ойыншықтарын жинау).
10. Қоршаған ортада өзін сенімді ұстай ала ма?
11. Өзі киіне ала ма?
12. Қасықпен, шанышқымен тамақтана ала ма?
13. Жуыну, дәретханаға бару сияқты күнделікті әрекеттерді өздігінен орындай ала ма?
14. Мектеп туралы оң көзқарасы бар ма?
15. Жаңа орта мен ережелерге бейімделуге дайын ба?
16. Ұзақ уақыт (10-15 минут) бір тапсырмаға назар аудара ала ма?



Нәтиже бойынша :

- 13-16 «иә» жауабы – балаңыз мектепке жан –жақты дайын.
- 9-12 «иә» жауабы – жалпы дайын, бір ақ кейбір дағдыларды дамыту қажет.
- 8 және одан төмен «иә» жауабы – мектепке дейінгі дайындықты күшейту керек. Психолог, тәрбиеші, логопед көмегі пайдалы болады.